КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 25 шілде дело №7119-24-00-2/8643 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Exclusive» атауымен әрекет етуші Шыңғысбек Бекарыс Маратбекұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Exclusive» атауымен әрекет етуші Шыңғысбек Бекарыс Маратбекұлына қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Exclusive» атауымен әрекет етуші Шыңғысбек Бекарыс Маратбекұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер жеке кәсіпкер «Exclusive» атауымен әрекет етуші Шыңғысбек Бекарыс Маратбекұлынан мемлекет пайдасына 1 875 (бір мың сегіз жүз жетпіс бес) теңге тұрақсыздық айыбы және 56 (елу алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Exclusive» атауымен әрекет етуші Шыңғысбек Бекарыс Маратбекұлынан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 25.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.09.2024, судья Жетибаев Ж. К., 05.09.2024

7119-24-3-1/7983